

PLITONIT

КӘСІПҚОЙ БОЛУ ОҢАЙ



PLITONIT S11 – механикаландырылған және қолмен жағуға арналған цемент сылағы



Өнім бетоннан, кірпіштен, газдалған бетоннан қабырғаларды механикаландырылған және қолмен тегістеуге, сондай-ақ құрғақ, дымқыл бөлмелердегі бетон және темірбетон тақталарының түйіспелері мен жекелеген кедір-бұдыр жерлерін бітеуге және қасбеттік сылақ ретінде сыртқы қолдануға арналған. Ол тұрғын үйлер және қоғамдық ғимараттар мен құрылыстарды, соның ішінде білім беру мекемелерін, балалар, мектепке дейінгі, мектеп және емдеу мекемелерін (соның ішінде емдеу-профилактикалық және санаториялық-курортты) салу мен жөндеуде қолданылады. Бір рет жаққандағы қабаттың қалыңдығы 5 мм-ден 50 мм-ге дейін. Толтырғыштың максималды фракциясы: 0,63 мм.

Қаптама – 25 кг.

- ішкі және қасбеттік жұмыстарға арналған
- сызатқа төзімді және ылғалға төзімді
- механикаландырылған және қолмен қолдану үшін оңтайлы

Материалды тұтыну шығысы

Қалыңдығы 1 мм қабатқа 1,25-1,35 кг/м².

Жұмысты жүргізу шарттары

Жұмысты орындау кезінде және келесі 3 тәулікте ауа мен негіздің температурасы +5 °С-тан + 30 °С-қа дейін болуы керек. Жұмыс кезінде ерітінді қоспасының температурасы +10 °С-тан + 30 °С-қа дейін болуы керек. Сыртқы жұмыстарды орындау кезінде беті атмосфералық жауын-шашыннан және тікелей күн сәулесінен қорғалуы керек.

Негізді дайындау

Сылақ үшін негіз берік болуы керек, шөгуге немесе деформацияға ұшырамауы керек, кірден, шаңнан, өсімдік майларынан, майлардан және бояулардың барлық түрлерінен, сондай-ақ қабыршақтанатын элементтерден таза болуы керек. Гипс негіздері мен су сіңіргіштігі жоғары беттер сылақ жұмыстарын бастамас бұрын PLITONIT астарымен өңделуі керек. Кейінгі жұмыстар астар толығымен кепкеннен кейін жүзеге асырылады.

Жұмыс тәртібі

Сылақ станциясын пайдалану нұсқаулығына сәйкес дайындаңыз. Сылақ станциясының ерітінді шлангысының бойымен суды ағызып, оны сулаңыз. Құрғақ қоспаны қабылдау бункеріне салыңыз және ерітінді қоспасының қажетті консистенциясына дейін судың берілуін реттеңіз. Ерітінді берілуінің «факелін» реттеңіз. Ерітінді пистолетін қабырғаға перпендикуляр, одан шамамен 30 см қашықтықта ұстау керек. Ерітінді қоспасын жоғарыдан төмен қарай көлденең жолақтармен жағыңыз, осылайша әрбір келесі жолақ алдыңғы жолақты жабу керек, жаңа жолақты шашырау ортасы алдыңғысының төменгі жиегінде болуы керек.

Жағу қабатының қалыңдығын ерітінді пистолетінің қозғалыс жылдамдығымен реттеңіз - ол неғұрлым аз болса, қабат соғұрлым қалың болады. Ерітінді қоспасын жағуды аяқтағаннан кейін ерітінді пистолетіндегі ауа шұрасын жауып, ерітінді шлангісін шаю қажет.

Қолмен жағу әдісі

Құрғақ қоспаны араластыру үшін ауыз су құбырынан суды пайдаланыңыз. Араластырудағы ара қатынас: 25 кг құрғақ сылақ қоспасына 4,25-5,5 л су қажет. Құрғақ қоспаны бөлме температурасындағы алдын ала өлшенген су мөлшеріне құйып, ерітінді араластырғышты, электр араластырғышты немесе қондырмасы бар электрлі бұрғыны (айналу жиілігі 600 айн / мин аспау керек) пайдаланып, біртекті консистенция алынғанша, 2-3 минут араластырыңыз. Ерітінді қоспасын кем дегенде 5 минутқа қалдырыңыз және қайтадан араластырыңыз. Қайта араластырған кезде жоғарыда көрсетілген қатынастың максималды мәніне дейін суды қосуға рұқсат етіледі. Дайын ерітінді қоспасын пайдалану уақыты 4 сағаттан аспайды (азынақ жел мен жоғары температура бұл уақытты азайтады). Сылақ ерітіндісінің қоспасын бетке күрекшемен немесе болат шпательмен жағыңыз, және оны түзеуішпен, үгіткішпен немесе шпательмен тегістеңіз.

Назар аударыңыз

Сылақ жұмыстарының өндірісінде СП 71.13330.2017 «Оқшаулағыш және әрлеу жабындары» талаптарын басшылыққа алған жөн. Сылақтың беткі қабаты тез кепкен кейі оны алғашқы тәулік ішінде ылғалдандырған жөн. Түйіспелер аз байқалатын жерде орналасуы керек. Жұмыста үзіліс болған жағдайда, сылақтың аяқталмаған беті өткір жиекпен (жабысқақ таспаны қолдану арқылы) аяқталуы керек. Ғимараттың қасбеттерін сылау кезінде берік жабысуды қамтамасыз ету үшін тор (ұяшық өлшемі 20x20 немесе 40x40 мм) созылады. Сылақ қабатын жаққанда тор салбырап қалмас үшін оны қабырғаға шахмат ретімен 30 см қадаммен дюбельмен бекітеді. Жұмыс барысында ерітінді қоспасын мезгіл-мезгіл араластыру керек. Дайындалған ерітінді қоспасына қосымша су мөлшерін қосуға тыйым салынады. Көрсетілген сипаттамалар қоршаған ортаның температурасы 20±2°C, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 60±10% болғанда жарамды.

Сақтық шаралары

Қоспа ГОСТ 12.1.007 бойынша 4 қауіптілік класына (қауіптілігі төмен заттар) жатады. Жұмысты орындау кезінде қолғапты, қорғаныс көзілдірігін және тыныс алу мүшелерін қорғау құралдарын пайдаланыңыз. Қоспаны теріге және көзге тигізбеңіз. Көзге тиген жағдайда дереу көп мөлшерде сумен шайыңыз. БАЛАЛАРДАН ҚОРҒАҢЫЗ.

Тасымалдау және сақтау шарттары

Қоспаны жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес жабық көліктерде тасымалдау керек. Құрғақ қоспасы бар қаптарды қаптаманың сақталуын және ылғалдан қорғауды қамтамасыз ететін жабық, құрғақ бөлмелерде сақтау керек. Өндірушінің ыдысында сақтау мерзімі – өндіру күнінен 12 ай.

Құрамы

Құм, портландцемент, минералды толтырғыш, арматуралық талшықтар, түрлендіруші қосымшалар.

Өндірушінің кепілдігі

Өндіруші тұтынушы тасымалдау, сақтау шарттарын және осы нұсқаулықтың нұсқауларын сақтаған жағдайда қоспаның ГОСТ 33083 және ТУ 23.64.10-151-515521552022 талаптарына сәйкестігіне кепілдік береді.

Өндіруші материалмен жұмыс технологиясын сақтамағаны үшін жауапты емес, сондай-ақ оны осы нұсқаулықта көзделмеген мақсаттар мен шарттарда пайдалану үшін жауапты емес. ГОСТ 8.579-2001 сәйкес нетто массасынан ауытқу. Өнімді азаматтық құрылыстың барлық түрлерінде қолдануға рұқсат етіледі ($A_{\text{eff}} < 370$ Бк/кг; SanPin 2.6.1.25.23-09 «Радиациялық қауіпсіздік нормалары» бойынша материалдар класы I (NRB 99/2009)».

Техникалық сипаттамалар

| Құрғақ күйдегі қоспа үшін | |
|---|---|
| Толтырғыштың максималды ірілігі | 0,63 мм |
| Ірілігі ең үлкен дәндердің мөлшері | 1,5 %-дан ірі емес |
| 1 кг қоспаға су мөлшері | 0,17-0,22 л |
| Қолданысқа дайын қоспа үшін | |
| Ерітінді қоспасының жылжымалылығы | 120-150 мм |
| <ul style="list-style-type: none"> • 5 минуттан кейін • 40 минуттан кейін | 110 мм-ден кем емес |
| Су ұстағыш қасиеті | 95%-дан кем емес |
| Қатайған ерітінді үшін | |
| 28 тәуліктен кейін қысуға беріктіктің шегі | 4 МПа-дан кем емес |
| Бетонның ерітіндімен жабысудың күшеюі | 0,3 МПа-дан кем емес |
| Пайдалану температурасы | -50°C-тан +60°C-қа дейін |
| Аязға төзімділігі бойынша ерітіндінің маркасы | F75 кем емес |
| Сызаттардың түзілуіне беріктік | Сылақ қабаты қалыңдығының бүкіл диапазонында сызаттардың көзбен қарағанда болмауы |
| Табиғи радионуклидтердің үлестік нәтижелі белсеңділігі | 370 Бк/кг-нан артық емес |

Логистикалық ақпарат

Жеке штрих-код 4607013046757

Палеттегі қаптар саны – 48 д.